

# Өзін-өзі тану

Сабақ тақырыбы:

*Мейірімділік-асыл  
қасиет*





# Мақсаты

## **Білімділік:**

*Оқушылардың мейірімділік, қайырымдылық туралы түсініктерін кеңейту. Балаларды мейірімді болуға, қайырымдылық көрсетуге дағдыландыру.*

## **Дамытушылық:**

*Мейірімділікті білу іскерлігін дамыту.*


## **Тәрбиелік:**

*Қамқорлық жасауға жетелеу, мейірімділікке тәрбиелеу.*



**«Өзін-өзі тану» курсы адамға өзін-өзі анықтауға, жақсы қасиеттерін ашуға, өзіне адалдыққа, өзінің абыройын сақтай отырып үнемі Адам, осы сөздің толық мағынасында, болып қалуға көмектеседі.**


**Сара Алпысқызы Назарбаева**



*Бұл сабақтан құлшыныс алам өмірге,*

*Шабыт берер жабырқазан көңілге.*

*Адам жанын түсінетін тереңнен,  
үйрететін қайғы мұңды жеңуге.*




## **Абай Құнанбаев**

**Абайдың қара  
сөздері.**

**Он төртінші сөз.**

**Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені - батыр кісі дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды. Рақымдылық, мейірбандылық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, езіне ойлағандай оларға да болса игі еді демек, бұлар - жүрек ісі.**



**Жаңа сабақ**

***Мейірімділік-асыл  
қасиет***



# *Шаттық шеңбері*

*Дөңгеленіп тұрайық,  
Керегені құрайық,  
Уықтар боп иіліп,  
Шаңыраққа киіліп  
Киіз үйді құрайық.*



## *Тыныштық сәті*

*Елестетіп көрейік: Сіз үш жастасыз. Тәйтәй басып балабақшадан келе жатырсыз. Үйге таяп қалдыңыз, көрші балалар қол бұлғап ойнауға шақырып тұр.*

*Міне, мектепке баратын кез келді. Сіз жеті жастасыз. Алғаш рет гүл шоғын алып мектепке асықтыңыз, ұстазыңыз қолыңызға қалам ұстатты. Қолымыз дірілдеп, ақ қағаз бетіне жаза бастадық.....*

## *Ойын: «Кім жылдам»*

*Өзін-өзі тану пәнінің негізгі мақсаты?*

*Өзін-өзі тануда неше құндылықтар бар?*

*Өзін-өзі тану пәні сіздерге нені үйретті?*

# *Ойланайық, пікірлесейік*

*Мейірімділік деген не?*

*Мейірімділік туралы көз  
қарасымыз қалай?*

*Мейірімділік қандай  
қасиеттерден тұрады?*

# *Сұрақ-жауап*

*Мейірімділік деген не?  
Мейірімділік туралы көз  
қарасымыз қандай?  
Мейірімділікте қандай  
қасиеттерден тұрады?*

## **Оқушылармен ой бөлісу**

**Сенің ойыңша мейірімді адам қандай болу керек?**

**Өздерің қандай мейірімді іс жасадыңдар?**

# *Сергіту сәті*

*Күнге қарап.*

*Бір,екі,үш деп соғайын  
Қарап тұрған көршіме  
Мен қолымды бұлғайын  
Жылы-жылы жүзбенен  
Маңдайынан сипайын  
Жылы-жылы сөзбенен  
Жүрегімді сыйлайын  
Ыстық алақаныммен  
Қолыңды бер қысайын  
Амандасып өзіңмен  
Құшақтасып алайын*

# *Шығармашылық жұмыс*

**Суреттерді құрастырып коллаж жасау**

*Дәйексөз*  
*«Мейірімділікті анадан*  
*үйрен»*  
*Халық даналығы.*

*«Ата – ана қадірі»*  
*кинофильмінен үзінді*





## *Ойын: «Телефон»*

*Екі топқа екі түрлі сөз  
жасырын түрінде  
айтылады.*



*Кинофильмнен үзінді*

*«Жетімдер» кинофильм*



I топ

**Мейірімділік – асыл  
қасиет**






*Күн нұрындай көңілім,  
Даламдай кең пейілім.  
Жүрегім толы мейірім,  
Бәріне ортақ шуағым,  
Қайырымды боламын!*




✦ ✦ Оқушылар бір –біріне  
жүрек жылуын сыйлап, әр  
оқушы бір – біріне мейірімді,  
қайырымды, жылы сезімге  
толы екенін, жақсылықтың  
бәрі жүректен шығатынын  
жеткізу.







*Адамдар бір-біріне жылы  
сезімін білдіріп, тек  
жақсылық ойлау, игілік  
жасау арқылы  
мейірімділік таныта  
алады.*



# *Ана туралы жыр*






# *Жүректен жүрекке*

## **Ардақты ана**

**Ардақты ана, аяулы ана, қымбаттым,  
Тәтті ұйқыңды бөліп талай түн қаттың.  
Өміріме нәрін берді ақ сүтің,  
Кең құшағың – аясындай гүл бақтың.**

**Мен өзіңмен қайда болсам біргемін,  
Махаббатың жүрегімде жүр менің.  
Күн нұрындай – жадырай бір күлгенің,  
Қандай жақсы ортамызда жүргенің!**



## Шаттық шеңбер

**«Жылы сезім жүректерде сақталады,  
Мейірімділік тек жүректен басталады»**







*Үйге тапсырма:*

*Мейрімділік жайлы мақал-  
мәтелдер жазып келіңдер.*





*Назарларыңызга рахмет!*